

Сыртқы саяси қызмет Қазақстанның өз көршілерімен, дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерімен өзара тиімді қарым – қатынасының берік тұғырын қалыптастырады.

Қазақстан сыртқы функцияны тұрақтандыруда тұрақтылықпен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кепілі ретінде барлық мемлекеттермен тығыз қарым – қатынаста болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз. // <http://www.zakon.kz/>.
- 2 Радько Т. Н. Функции социалистического права // Советское государство и право.-1977. - № 5. – С.77-80
- 3 Коробова А.П. О многозначности понятия "правовая политика" // Правоведение. - 1999.- №4.- С.156-165.
- 4 Өтебаев Н. Орталық Азиядағы геосаяси үрдістері // Ақиқат. -2003. - № 9. - Б.3-7.
- 5 Коробова А.П. Об особых свойствах правовых идей стратегического характера // Правовая политика и правовая жизнь. - 2003. -№ 2. - С. 19-24.
- 6 «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.inform.kz>
- 7 Сұлтанәлі Г. Әлемдік саясат аясындағы ұлттық мүдделер // Саясат. -2004. - № 3. - Б.42-43.

### **ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫН ЗЕРТТЕУ**

*Амантаева Ж.А., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
(Ғылыми жетекші - Ахметова Н.С., з. ғ.к., профессор)*

Жаңа Қазақстанды қалыптастыру көптеген мәселелерді теориялық қайта мазмұндау қажеттілігін негіздейді және жасампаз күштерге жаңартудың тиімді жолдарын көрсететін ғылыми құралдарды ұсынуды қажет етеді. Біздің қоғамымызды демократиялық негізде қайта құру, оның өркениетті мемлекеттер қатарынан өзіндік орын алуы, басты құндылығы адам болып табылатын азаматтық қоғам қалыптастыру мәселелері мемлекет дамуының негізгі бағыттарын теориялық түсінумен қатар, оның үздік тәжірибесін қазақстандық шындыққа қолданудың мүмкін болатын жолдарын іздестіруді талап етеді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 мамырдағы Жарлығымен мақұлданған, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасына» тоқталсақ: «Тарихи тұрғыдан келгенде, мемлекет әдетте ұлттық мемлекет ретінде пайда болады, оның құрылтайшысы әрі әлеуметтік базасы белгілі бір этникалық қауым болып табылады. Этностың даму қисынының өзі-ұлттың өмірсүруі мен дамуының материалдық және рухани жағдайын қамтамасыз ететін құрал ретінде мемлекеттің пайда болу қажеттігін негіздейді. Мұның өзі тарихи және жалпы адамзаттық практика. Оған қазіргі замандахалықаралық құқық принципі мәртәбесі беріліп отыр, әрі мұның кез-келген ұлттың мемлекеттік өзін-өзі билеуге құқығының барекенін білдіреді. Міне, сондықтан да байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құру жөніндегі конституциялық қағиданы халықаралық құқықтың жалпы танылған нормалар мен принциптерінің аясында қабылдау қажет» [1, 3].

Қазіргі тәуелсіз және құқықтық мемлекет құру кезінде, қоғамдағы жаңа дүниетанымдық көзқарастардың орын алуы мемлекеттің пайда болуының саяси-құқықтық тарихын кешенді түрде қайта қарауды талап етеді. Мемлекеттің пайда болу мәселелерін зерттеу танымдық, академиялық сипатта ғана емес, сонымен бірге оның саяси-тәжірибелік сипаты да болады. Ол мемлекеттің әлеуметтік табиғатын, оның ерекшеліктерін терең түсінуге, мемлекеттің пайда болуы мен дамуының себептері мен шарттарын талдауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында айтылғандай, біз «Мемлекет құру жолында теңдессіз, мол тәжірибе жинап, жаңа кезеңге қадам басып отырмыз» [2].

Қоғамдағы кез келген реформалар әртүрлі қоғамдық күштердің, саяси ұйымдардың мемлекетке қатысы туралы мәселені жаңа күшпен алға тартады, себебі қай заманда болмасын басқарушы және бағынышты органдар өмірсүреді, сендіру мен мәжбүретуді қатар қолданатын билік қызмет етеді, ал мемлекет билік құрушы ұйымдардың ерекше түрі болып табылады, онда биліктік бастаулар

әрқашанда белсенді түрде көрініс табады. Мемлекет қоғамды жетілдіруде өндірістің негізгі құралдары мен қаржыларының меншік иесіретінде маңызды роль атқарады, қоғам мүшелерінің барлығының еркін білдіреотырып, оның дамуының басты бағыттарын айқындайды, барлық азаматтардың ұйымы ретінде әрекет етеді.

Қоғамдық ғылымның кез келген мәселесін қарастыру барысында көптеген ұсақ-түйек сұрақтар мен әртүрлі жан-жақты көзқарастарарасынан қажеттісін іріктеп алу үшін негізгі тарихи байланысты білген абзал – «кез келген сұраққа белгілі құбылыстардың қалай жүзегеасқаны тұрғысынан жәнеоның дамуы тұрғысынан қарап, құбылыстың негеайналғанын білуге болады» [3, 47].

Мемлекет және құқық теоретиктерінің арасында мемлекеттің пайда болу процесіне қатысты бірлік тұрмақ, қауымдастық та жоқ. Мемлекеттің пайда болуына қатысты жалпы түсініктермен қатар, кейде тіпті кереғар көзқарастар да кездеседі. Кейбіреулер мемлекеттің пайда болуын терең және жан-жақты түсінуге қажетті фактілердісаналы түрде бұрмалайтындығы да кездеседі. Осыған байланысты ХХ ғасырдың басында көрнекті мемлекет танушы Л.Гумплович былай деп жазады: «Егер мемлекет түсінігісаяси тенденцияларды көрсетуге, саяси бағдарламаларды мазмұндауғасайылса, саяси күштарлықтардың орындалуына қызмет етсе, ондаол мемлекеттің шығуы таза тарихи акт ретінде бұрмаланғанын білдіреді. Мемлекеттің пайда болу мәселелерін «жоғары идея» деп аталатындардың пайдасынасаналы түрде бұру жиі кездеседі» [3, 58].

Таза тарихи актіні идея негізінде құрып, танымал қажеттіліктерден немесерационалистік жәнеадамгершілік ниеттерінен шығарады. Ертеректеадамгершілік пен адамзаттық абыройды сақтап қалу үшін, мемлекеттің пайда болуының табиғи шынайы тәсілін көрсетпей жасырып қалып, оның орнына «заңды жәнеадами нысанды» ұсынған дұрыс деп санаған. Бірақ, нәтижесінде мемлекеттің пайда болуының «шынайы, табиғи тәсілі» ғана жасырылып қоймай, осы үрдістің маңыздылығының өзін әртүрлі түсіну орын алған. Мемлекеттің пайда болуының табиғилығын сипаттайтын көзқарастардың бірі бойынша, мемлекеттің пайда болуы экономика мен қоғамның табиғи дамуымен байланысты. Екінші бір көзқарас – адамдардың жалпы мәдениетінің табиғи дамуымен, мемлекеттің қалыптасуы мен өмірсүруінің объективті қажеттілігін пайымдауға әкелетін олардың ақыл-ойымен байланысты түсіндіріледі.

Бұдан басқа, мемлекеттің пайда болу мәселелерін қарастыру барысында, мемлекеттердің пайда болу үрдістерінің өзiалуан түрлiекендiгiн ескерген дұрыс. Бір жағынан, мемлекеттердің жалпы аренадаалғашқы шығу үрдісін ажырату керек. Бұл қоғам дамуына байланысты ыдыраған қауымдық билік пен әлеуметтік нормалардың орнына келген мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың, институттардың және мекемелердің қалыптасуымен байланысты. Екінші жағынан, жаңа мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың, институттардың және мекемелердің пайда болуы мен даму үрдісінде бұрынғының негізінде қалыптасқан, бірақ белгілі бірсебептерге байланысты қоғамдық-саяси аренадан кеткен бөліктерін де бөліп қарастырған орынды.

Мемлекеттің пайда болу процесінің екі жақтылық сипатының барын анықтаған, ресейлік құқықтанушы Г.Ф.Шершеневич мемлекеттің шығу тегін кем дегендеекі тұрғыдан қарастыру керектігін ескерткен. Қоғамдаалғашқы мемлекеттердің қалай пайда болғандығын зерттеу мемлекеттің пайда болуын зерттеудің бірінші жағы. Екінші жағы, қазіргі кезде барлық азамат мемлекеттік жағдайда өмірсүріп отырған кезеңде жаңа мемлекеттік құрылымдар қалай пайда болады деген сұрақтың төңірегінде қарастырылады [4;212-213].

Мемлекеттің пайда болу үрдісін зерттеугеосы тәріздес дифференциалды қатынасаталмыш процесстің пайда болуы мен дамуының әртүрлі шарттарының болатындығымен, олардың қалыптасуы мен әрі қарай дамуының бір-бірінен ажыратылатын заңдылықтарының болатындығымен анықталынады. Егер мемлекет дамуының ерте кезеңдерінде басты роль объективті, табиғи факторларға берілсе, мемлекеттік-құқықтық материя дамуының кейінгі кезеңдерінде, дәуірі өткен мемлекеттерорнына жаңа мемлекеттердің ауысып келіп отырған заманындаобъективті факторлармен қатар, субъективті факторлар да маңызды роль атқара бастады. К.Маркс пен Ф.Энгельсадамды қоршаған ортаны танылатын жәнесонымен бірге қайта құрылу мүмкіндігі барсубъект пен объектінің бірлігіретіндеанықтаған. Объект ретінде әрекет пәні, нәтижесі танылса, субъект – қоғамдық тұлға, ұжым, қоғам. Адамзаттың барлық тарихы оларға жоғары деңгейге ұмтылған айналымдағы спираль ретінде көрінген. Ол субъект пен объектінің өндіріс, әлеуметтік-ұйымдастырылған еңбек, пәндік-әлеуметтік әрекет арқылы жасалатын ажырағысыз өзара әрекеттестігіне негізделеді [5;317].Аталмыш факторлар қоғам өмірінің барлық институттары мен аймақтарын анықтайды. Осыған байланысты кейбір мемлекеттер мен құқықтық жүйелердің өзгелерінің орнына келуі барысын қарастырғанда эволюция тәріздес мемлекеттік-құқықтық материяның дамуының басым табиғи нысанын қарастырумен қатар, субъективтілік сипаты барреволюция тәріздес нысанды да қарастырамыз.

Мемлекеттің қандай түрлері бар деген сұраққа жауап беру барысында Қайта өрлеу заманының философы Н.Макиавелли, мемлекеттер «егер мемлекет басшысы ұзақ уақыт басқарса, мұрагерлікке негізделеді немесе жаңа» болады деген. Мемлекет тұтастай жаңа болуы немесе белгілі бір бөлігі мұрагерлік мемлекетке жаулап алудың салдарынан қосылғандықтан жаңа болуы мүмкін. Жаңа мемлекеттер қол астындағылар патшаға бағынуға көндіккен мемлекеттер және ықылым заманнан еркін өмірсүруге үйренгендер болып бөлінеді. Мемлекет «өзінің немесе өзгенің қаруымен, тағдырсүйінішімен немесе қаһармандықпен» пайда болады [6;303].

Макиавеллидің саясат құралдарына қатысты көзқарасын анықтау барысында, күштеудің ол үшін абсолютті құндылық еместігін байқаймыз. Күштеуді қолдану мемлекеттіреакционерлерге қарсы біріктіру және қайта құру мақсатын көздегенде ғана ақталады. Қатігездік бір мәрте ғана, қол астындағылардың пайдасына қолданылса оны ақтауға болады, ал егерол жүйелі түрде қолданылатын болса, оған ақтау жоқ деп есептейді. Макиавеллидің диктатураны мемлекеттіреволюциялық жолмен қайта құру құралы ретінде қарастырған көзқарасы, кейінгі кезеңде өзінің шынайы бағытынан бөліп алынып, бостандықты шынайы және жалған жақтаушылармен сөгілді. Монархтар мен диктаторлароны адам құқықтарын аяққа таптаудың, халықтарды басып-жаншудың құралына айналдырып алды. Оның нақты жағдайларға қатысты ашылған саясат принциптері әмбебаптық сипат алып, макиавеллизм атын жамылған бағытпен танылды да, көш басшысының негізгі ойын бұрмалап көрсетті.

Мемлекеттілікке келу тәсілдері, басқаша айтатын болсақ мемлекеттің пайда болу нысандары саяси тұрғыдан ғана мемлекеттік-құқықтық теориядағы маңыздылығы танылып қоймайды, сонымен бірге оның тәжірибе тұрғысындағы прагматикалық маңызы да ерекше. Олар біріншіден, билеуші элитамен немесе жеке тұлғамен (монарх, князь) жаңадан иелік еткен мемлекеттік билікті ұстап тұру үшін маңызды. Жаңа билеушіге, тіпті жаңа аумақтарды қосып алған мұрагер билеушіге де билікті ұстап қалу қиындық тудырады, оның себебі «барлық жаңа мемлекеттерде төңкеріліс жасауға негіз болатын табиғи себептер болып табылады». Адамдар жаңа билеуші бұрынғысына қарағанда жақсырақ болар деген сеніммен, бұрынғы билеушіге қарсы шығады да, кейіннен өзінің алданғанын біледі. Жаңа билеуші бұрынғыға қарағанда қатаңырақ болуға мәжбүр болады, жаңа аумақты игеру одан қол астындағыларға бұрынғыдан да ауырлау жүк салуды, әскерді ұстап тұруды қажет етеді. Нәтижесінде жаңа билеуші қудалаған адамдарының арасынан өзіне жау тауып алады, басып алуға көмектескен жақтастарының біразын жоғалтады. Оның себебі жақтастары күткен дәрежеде оларды елеп-ескере, марапаттай алмайды. Екінші жағынан, жақтастарына қатысты солардың арқасында билікке ие болғандықтан қатаң шараларды да қолдана алмайды [7;34]. Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы қайда, жаңа иелік еткен билік пен мемлекетті қалай сақтап қалуға болады деген сұрақтардың жауабын жаңа мемлекеттің, тиісінше мемлекеттік биліктің қандай жағдайда пайда болғанына қарай шешуге болады.

Егер жаңа мемлекет тұрғындары ешқандай құқықтар мен бостандықтарды білмеген қараңғы жерде қалыптасса, сондай-ақ бірелдің аумағында және бір тілдік кеңістікте пайда болса, Макиавеллидің көзқарасы бойынша, мемлекет басшысы мынандай шараларды қолданғаны жөн. Алдымен, бұрынғы билеушінің ұрпақтарын түп-тамырымен құрту қажет, себебі әдет-ғұрып ортақтығы мен ескі тәртіптің сақталуы барысында олардың тарапынан үлкен қауіп төнеді деп санаған. Содан кейін, жаңадан құрылған мемлекет, оның барлық жерінің біркелкілігін және үйлестігін қамтамасыз ету үшін бұрынғы заңдар мен салықтарды қалдыруға тырысу қажет. Ол басып алынған жерлердің «жаулап алушының түпкі мемлекетімен бірігіп сіңісіп кетуіне» ықпал етеді деп санаған [7;35].

Егер жаулап алынған жердің тілі де, салт-дәстүрі де өзгеше болатын болса, онда билеушінің қолданатын шаралары да өзгеше болады. Билеуші жаңа жерлер мен мемлекетті біріктіретін құрылымдар құруға, көрші әлсіз мемлекеттердің басшысы және қорғаушысы болуға тырысуы керек және бастысы елге күші өзінен басым болатын өзге билеушіні кіргізеуге тиісті.

Екіншіден, жаңа мемлекеттер мен құқықтық жүйелердің пайда болу тәсілдері адамгершілік-саяси және әлеуметтік жағынан алғанда жаңа заңдарды қалыптастыру және оларды ерікті сақтауды қамтамасыз етудің негізін қалайтын жағдайларды қалыптастыруға ие болады. Жаңа мемлекеттің қалай қалыптасатындығына байланысты құрылу барысында олар әрі қарай өмірсүруі мен қызмет етуінің әртүрлі әлеуметтік және саяси-адамгершілік негіздерін қалыптастырады. Яғни, олардың құқықшығармашылық және құқық қолдану әрекеті базасы да әртүрлі болады.

Үшіншіден, жаңа мемлекеттер мен олар құратын құқықтық жүйелердің пайда болуы тәсілдері мен нысандары өмірсүру деңгейін қолдау және әлеуметтік-саяси теңдікті күшейту тұрғысынан алғанда, оны әрі қарай нығайту және дамыту үшін үлкен маңызға ие болады. Дүниежүзінің көптеген

мемлекеттерінің қалыптасу және қызмет ету тәжірибесінен сүйенсек, бұқарахалыққа сүйенген, оның қолдауына ие болған мемлекеттер, кең әлеуметтік қолдау көрмеген мемлекеттерге қарағанда даму мүмкіндіктері көп болады. Мемлекеттің пайда болуы барысында бұқарахалықтың кең қолдауына ие болу билікті нығайту және кейінгі кезеңдерде мемлекеттің өмір сүруінің жоғары тонуы үшін ғана емес, сондай-ақ туындайтын қиындықтарды табысты шешу үшін де маңызды. Бұл мемлекеттің пайда болу кезеңіне ғана қатысты емес, сонымен бірге оның дамыған кезеңіне де қатысты айтылады. «Жетілген мемлекет өз ішіндесаяси бостандықты, сонымен бірге саяси әділеттілікті жүзеге асыруға тырысады» - деп жазады танымал француз құқықтанушысы М.Ориу [8, 724]. Соның барысында үйлесімсіз даму нәтижесінде әлеуметтік және саяси дағдарыстарын алуы мүмкін. Бұндай дағдарыстар қатарына 1688 жылғы Ағылшын революциясына, 1789 жылғы Француз революциясына әкеліп соқтырған жағдайларды жатқызуға болады. Ондай жағдайлар қазіргі мемлекеттік-құқықтық құрылымдарда да кездеседі. Әрине, бұлай дегендер реакциялық рух пен революциялық рухтың күресі туралы ғана айтылып тұрған жоқ, онда мүлік иелері мен өзгехалықтың арасында күрес, ескі мемлекеттер мен саяси режимдердің жаңаларымен күресі деескеріледі. Бұл шексіз, жалғаса беретін үрдіс болып табылады.

Ол ерте ме, кеш пе барлық мемлекеттер мен саяси режимдерге әсеретеді. Рим империясының құлап, орнына дербес мемлекеттердің келуі, Британ империясының, КСРО-ның ыдырауы және олардың негізінде тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы тәріздес тарих пен қазіргінің мысалдары біздің ойымызды дәлелдейді. Бұрынғы үлкен державалар мен қарапайым мемлекеттер қоғамдағы және қоршаған ортадағы үрдістер ықпалымен мәндік өзгерістерге ұшырап, уақыт өте келе дүниежүзілік аренадан кетуге мәжбүр болады.

Қазіргі кезеңде өмір сүріп отырған мемлекеттердің және құқықтық жүйелердің мәні мен ерекшеліктерін терең және жан-жақты түсіну үшін және олардың болашақтағы дамуының тарихи бағыттарын анықтауға тырысу үшін, осы мемлекеттердің және мемлекеттік құрылымдардың қалай пайда болғанын және олардың қандай жолдармен дамығанын және қазір қандай күйге жеткенін оқып-зерттеу керек. Қандай да болмасын қоғамдық құбылысты, соның ішінде мемлекетті де, пайда болуы мен дамуы тұрғысынан қарастыратын болсақ, одан өткеннің қалдығын, қазіргінің негізін және болашақтың бастауын көруге болады.

Сонымен, мемлекеттің пайда болуы мен дамуының мәселелерін зерттеуге назар аударатын болсақ, оның тарихына көз жүгіртіміз де, мемлекет дамуының болашақтағы негізгі бағыттарын түсіну үшін алғы шарттар қалыптастырамыз.

Қазіргінің өткенмен және болашақпен өзара байланысы мен өзара әрекеттестігі мәселелерін қоғам эволюциясын мысалға ала отырып қарастырған Н.М.Коркунов былай деген: «қоғам мен мемлекет үшін қазіргімен қатар өткеннің де маңызы ерекше. Әрбір ұрпақ болашақтағы қоғам өмірінің дамуына белгілі бір дәрежеде ықпал етеді және әрбір ұрпақ әкелер мен аталарынан - өткеннен бай мұраны иемденеді» [9, 204].

Қоғам өмірі көп дәрежеде өткенмен анықталынады, егер бұрынғы тарихи оқиғаларға бай болатын болса, бұл байланыс тіпті де жоғары деп санайды. Қазіргі кезеңде әлсіз қоғам тарихы бай болатын болса, өмір сүре беруге мүмкіндік алады. Мысал ретінде Рим империясын атауға болады, оның өткенінің байлығы соншалық саяси қуаттылығын құртқан варварлардың өзірім өркениетінің ұлылығы алдында бас иген.

Дегенмен бұрынғы тарихи өмірмен қатар, қазіргі игі жағдаймен қатар қоғам өмірін анықтайтын үшінші элемент – болашақ тұрады. Адамзат сана мен жадының болуына байланысты өткеннен болашаққа сапар шегеді, өткеннің тәжірибесін болашаққа ала барады.

Қоғам үш сәтпен: «өмірдің қазіргі жағдайымен, өткенмен және тәжірибе негізінде құрылатын идеалдармен» анықталынады [9, 204]. Айтылған жәйт қоғамға ғана емес, мемлекет өміріне, мемлекетке де қатысты. Оның кез келген типінің қазіргі кезеңдегі пайда болуы мен қалыптасуының өткеннен бастау алатын материалдық, әлеуметтік, саяси және өзге негіздегі тамырлары болады. Осы үрдіспен бірге оның өмір сүруінің, нығаюы мен болашақта дамуының материалдық және өзге алғашқы шарттары жасалынады. Мемлекеттік-құқықтық материядағы қозғалыстың бастаушысы мемлекеттің пайда болуы болып табылады.

Мемлекет пен құқықтың пайда болуына қатысты сан алуан көзқарастарды қарастыра келе, қазіргі кезеңде мемлекеттің пайда болуы мәселесіне байланысты тұжырымдар жасауға болады:

Біріншіден, қазіргі кезеңде мемлекет пен құқықтың пайда болуы құдай еркінің, қоғамдық келісімнің немесе бір тайпалардың екіншісін жаулап алуының нәтижесі деген көзқарастар екіншілік сипат алады. Аталған факторлардың кейбіреуі (келісім немесе күштеу) жеке мемлекеттердің пайда болуында өзіндік анықтаушы роль атқарғандығы белгілі, бірақ оларға әмбебаптық сипат беруге

болмайды. Қазіргі кезеңде мемлекет алғашқы қауымдық қоғам дамуының заңды нәтижесіретіндесипатталады.

Екіншіден, мемлекеттің шығу тегін қазіргі зерттеушілер неолиттік төңкеріліспен, яғни адамзаттың өндіруші экономикаға ауысуымен байланыстыра қарастырады. Ол шаруашылық және еңбек әрекетінің жаңа нысандарының жетілуіне әкелсе, бұл өз алдына алғашқы адамдардың әлеуметтік ұйымдастырылуына өзгерістеренгізді.

Үшіншіден, қазіргі кезде мемлекеттің пайда болу мәселелерін қарастырғанда, қоғамдық еңбек бөлінісіне үлкен назараударылады. Өндіруші экономикаға ауысу барысында табиғи еңбек бөлінісінің орнына, қоғамдық еңбек бөлінісі келді. Еңбек ендігі жерде әртүрлі тайпалардың арасында, әртүрлі әлеуметтік топтардың арасында бөліне бастады. Қоғамдық еңбек бөлінісі еңбек өнімділігінің артуына, артық өнімнің пайда болуына әкеліп соғады. Отбасы бірінші орынға шығады, ол қауымнан дербес өмірсүру мүмкіндігін иемденеді, біртіндеп отбасы руға қарсы тұралатын күшке айналады. Барынша бай отбасылардан рулық-тайпалық ақсүйектер құрылады. Ақсақалдарды, көсемдерді, әскер басшыларын осы топтан сайлайды, нәтижесінде мұрагерлік билік қалыптасады. Артық өнімнің пайда болуы рулық-тайпалық ақсүйектердің қалыптасуын ғана емес, тұрғындардың теңсіздігін тудырады. Әлеуметтік біртектес қоғам ыдырап, өздерінің материалдық және әлеуметтік сипаты бойынша әртүрлі топтардан құралатын қоғам пайда болады. Бұл алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік биліктің орнына жаңа жария биліктің – мемлекеттік биліктің келуін негіздейді.

Төртіншіден, зерттеушілер мемлекеттің пайда болуына алғы шарт ролін атқарған мемлекетке дейінгі кезеңді – протомемлекеттерді де ажыратып қарастырады. Ф.Энгельс өз заманында әскери демократия деген атаумен таныс кезеңді қарастырған еді. Қазіргі ойшылдардың кейбіреуі тайпалардың әскери ұйымдастырылуымен сипатталатын әскери демократия туралы ойды қолдаса, екінші біреулері мемлекеттің пайда болуына көсем ролі (чифдом) үлкен ықпал етті деп санайды. Қалай болған күнде де, алғашқы қауымдық қоғам мен мемлекет арасында екеуінің де элементтерін сңіріп үйлестіре алған өтпелі кезең, яғни протомемлекеттілік орын алған. Жария биліктің қоғамнан алшақтауы, басқару мен мәжбүрлеудің арнайы аппаратының қалыптасуы, адамдардың аумақтық сипатына байланысты бірігуі – алғашқы қауымдық құрылым орнына мемлекеттің келгендігін білдіретін көрсеткіштер болып табылады.

Бесіншіден, мемлекеттің пайда болуы әртүрлі халықтарда әр түрлі жолдармен жүзеге асқанын естен шығармау қажет. Мемлекеттің пайда болуының ерекше түрлері етеріндеримдіктерде, германдықтарда мемлекет қалыптасу ерекшеліктерін атап өтуге болады, шығыстық мемлекеттердің қалыптасу ерекшеліктері өз алдына бір төбе. Қазіргі кезеңде мемлекет қалыптасуының алғашқылық, екіншілік және үшіншілік идеялары көтеріледі. Онда мемлекет қалыптасуы әртүрлі халықтарда әртүрлі кезеңде іске асқандығын ескере отырып, өзгелердің тәжірибесін қабылдау мүмкіндігі туралы айтылады. Бұның барлығы мемлекеттің пайда болуының әмбебап себептерінің жоқ екендігіне куәлендіреді. Мемлекеттің пайда болуына экономикалық себептердің басым түрде ықпал еткендігі танылады, дегенмен де өзге де ішкі, сыртқы себептер мемлекеттің пайда болуына әсер еткені түсінікті.

Әрбір аймақта мемлекеттің пайда болуы, саяси идеялардың дамуы өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады, сондықтан да олардың барлығын бір жобағасалып қою мүмкін емес. Қазіргі кезде өмірде болып жатқан процестерді терең және жан-жақты түсіну үшін барынша зерттелінген және өзін-өзі ақтаған көзқарастар мен идеялардың шектелген аумағынан шығуға тырысу және алға қарай жылжу, жалпы өлшемдерді аша және бекіте білу қажет.

Сонымен, мемлекеттің пайда болу мәселелерін зерттеу ерекше маңызға ие екендігіне көз жеткіздік. Онсыз мемлекеттік-құқықтық және саяси құбылыстардың мәнін түсіну, олардың қоғам өміріндегі ролін және қызмет ету логикасын түсіну мүмкін емес. Мемлекеттің пайда болуын зерттеудің тәжірибелік мәні мемлекеттің өмірсүруінің тарихи шеңберін анықтауда көрініс табады.

#### Әдебиет тізімі:

1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 мамырдағы № 2995 өкімімен мақұлданған // Егемен Қазақстан. – 1996. – 29 мамыр. – 3 б.

2 Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 31 қаңтар 2017 жыл // akorda.kz

3 Гумплович Л. Общее учение о государстве. - СПб., 1910. – 127 с.

- 4 Шершеневич Г.Ф. Общая теория права. Учебное пособие (по изданию 1910-1912г.) Т.1 Выпуск 1. – М., 1995. - 251 с.
- 5 Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар жинағы. Т.21. – Алматы, 1985. - 780 б.
- 6 Макиавелли Н. Таңдамалы шығармалар. - Алматы, 1982. – 306 б.
- 7 Макиавелли Николло. Патша(Principes). Серия: «Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары». - Алматы: «Жеті Жарғы», 2009. – 80 б.
- 8 Ориу М. Основы публичного права. - М., 1929. – 760 с.
- 9 Коркунов Н.М. Лекции пообщей теории права. - Спб., 1898. – 256 с.

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕКІНШІ ПАРЛАМЕНТТІК ДАҒДАРЫС ІШКІ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ**

*Отарбаева А.Т., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының алғашқы жылдары сынақ жылдары болғандығы бүгінгі күннің тұрғысынан белгілі. Жас мемлекетіміздің қалыптасуының әр түрлі салалары тәріздес мемлекеттік билікті тиімді ұйымдастыру да сан алуан сынақтан өтті.

Сайлануы 1990 жылдың наурыз айында өткізіліп, сол жылдың сәуірінен 1993 жылдың желтоқсанына дейін әрекет еткен XII-шішақырылымдағы Жоғарғы Кеңес ішкі және сыртқы қайшылықтардың нәтижесінде өзін-өзі таратқандығы белгілі. Аталған Жоғарғы Кеңес КСРО-дағы тоталитарлық жүйенің күйреуіне әкеліп соқтырған халық рухының демократиялық көтерілуі жағдайында, дегенмен де әкімшілік-командалық жүйенің ықпалы әлі де болса сақталып отырған жағдайда алғаш рет кең демократиялық негізде сайланған еді. XII-шішақырылымдағы Жоғарғы Кеңес өз қызметін кеңестік мемлекетте қайта құру саясаты үстемдік құрып тұрған кезеңде бастаған, тұңғыш рет демократиялық жолмен баламалы негізде сайланған, ел сенімін арқалаған депутаттардан құралған Парламент болды. Саяси-экономикалық, әлеуметтік жүйелердің ауысуы кезеңінде әрекет еткен Жоғарғы Кеңес осындай аумалы-төкпелі кезеңде белгілі бір деңгейдегі қиыншылықтарды бастан өткізе отырып, елде жүзеге асырылып жатқан саяси-экономикалық өзгерістерді, мемлекет егеменділігі мен тәуелсіздігін, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қажетті құқықтық негіз қалыптастыра алу қабілеттілігімен танылды [1;172]. Дегенмен, тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйесін қалыптастыруға барынша қызмет еткен заң шығарушы органның өзін-өзі таратуы өмір шындығына айналды. Нәтижесінде, 1994 жылдың көктеміне жоғарғы өкілді органның жаңа сайлауы тағайындалды.

Қазақстандағы билік тармақтарының өзара қатынасындағы ішкі қайшылықтардың көрінісі ретінде сипатталатын екінші парламенттік дағдарыстың мән-жайына көшпестен бұрын, XIII-шішақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің сайлануы және әрекет етуі мәселелеріне тоқталған жөн.

1994 жылдың 7 наурызында тәуелсіз Қазақстанның бірінші Парламент сайлауы өтті. Сайлау елімізде көп партиялық жүйенің қалыптасуына негіз болды. Сайлауға сол кезеңде тіркелген сайлаушылардың 73,84 пайызы қатысты. Жалпы 135 бір мандаттық округтерден 910 адам үміткер ретінде ұсынылды, оның 692-сі тіркеу шарттарына сәйкес келіп, депутаттыққа үміткер ретінде тіркелінді. Бір депутаттық орынға 5 үміткер тайталасты. Бұдан өзге мемлекетпен жасалынған нақты тізімге сәйкес өтетін 42 орынға 64 үміткер таласты. Сайлау барысындағы қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың белсенділігін ерекше атап өткен жөн.

Қазақстандағы 1994 жылғы парламент сайлауының біраз ерекшеліктері болды. Салыстырмалы мажоритарлық сайлау жүйесі Президентпен депутаттыққа үміткерлерді (мемлекеттік нақты тізімге сәйкес сайланатын) ұсыну тәжірибесімен ұштасып жатты. Қазақстан Республикасы Сайлау туралы кодекстің жобасын дайындаушы топтың пікірінше, бұндай жағдай тұрақты парламент қалыптастыруға ықпал етеді десе, бұған қарама-қарсы көзқарастар да болды. 1994 жылғы парламент сайлауы көптеген мәселелерді шеше алмады. Заңнамада заң шығару органында жұмыс істеуге қажетті үміткерлердің кәсіби және адамгершілік қасиеттерін анықтау механизмі болмады. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы кодекстің 59 бабы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 28 қаңтардағы Конституциясының 110 және 115 баптарына сілтеме жасай отырып, белсенді сайлау құқығы және бәсең сайлау құқығының жас мөлшерін анықтаумен және кейбір азаматтардың құқықтарын шектеу ережелерімен таныстырды. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ. Бұл өзінің жүйке ауруы мен ақыл-есінің кемдігіне байланысты, өзінің азаматтық құқықтарын толық жүзеге асыра